

**Рухани жаңғыру –
Тәуелсіздік дәүіріндегі
азат мемлекеттің басты
мұраты. Бұгінде біз қазақ
қоғамына осы жолды.
нұсқаган Елбасының
арқасында «Мәңгілік ел»,
Болашағы Біртұтас Ұлт
болуға талпынып келеміз.**

Ал латын өліпбіне көшу
мәселесі еліміздің «Рухани
жаңғыруға» бет алған
тұстағы басты міндеттерінің
біріне айналды. Соған

Қалай десек те бүгінгі
рухани жаңғыру жолына
түскен елдің ертеңі де
жарқын, келешегі де кемел.
Тәуелсіздіктің арқасында
мемлекеттік тіліміздің
мерейі үстем болып,
«100 нақты қадамын»
жаңылмай басқан
жасампаз мемлекет
Еуропадағы қауіпсіздік және
ынтымақтастық үйымына
төрағалық етіп, ЭКСПО
– 2017 көрмесін жоғары
денгейде өткізіп, баянды



РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ – ЕЛ МҰРАТЫ

сай 2025 жылға қарай
іс қағаздарын, мерзімді
баспасөзді, окульყтарды,
т.б. латын қарпімен шығару
тапсырылып, қазақ өліпбінің
жаңа графикадағы бірыңғай
стандартты нұсқасы да
дайындалып қойды. Бұл
бағытта атқарылып жатқан
жұмыстар да жемісті.

Тұнғыш Президентіміз
«Болашаққа бағдар:
рухани жаңғыру» атты
бағдарламалық мақаласында
латын өліпбіне көшу
мәселесіне кеңінен тоқталып,
туркі әлемімен рухани
тұстасықты сақтау жолдарын
айқындан берді. Демек
Тәуелсіздіктің осына 30
жылдығында рухани жаңғыру
жолына түскен мемлекеттің
де Елбасының жемісті
жұмысын, сара саясатын
тиісінше қолдап-куаттап,
жас үрпаққа мейлінше
насихаттап, жаһан жұртына
үлті етуді жалғастыра беруі
керек.

бостандықтың толағай
табыстарына иек артып
келеді.

Олай болса, «Рухани
жаңғырудың» мән-маңызын
ұжданды үрпаққа ұғынды-
рудың да маңызы белек.
Осы жылдар ішінде біз
«Қазақстан-2050» Страте-
гиясын бағдар тұтып, төл
мәдениеттің бен дәстүрімізді
дәріппеп, жаңа қазақстандық
патриотизмді де қалып-
тастырып үлгердік. 2004
жылы басталған «Мәдени
мұра» мемлекеттік бағдарла-
масы да ұлт руханиятын
көтеруге септірі тиғен бірегей
бағдарламаға айналды.

Осы тұрғыдан келгенде
Елбасымыздың бастамасы-
мен қолға алынып отырган
«Рухани жаңғыру» идеясы-
ның да баршамызға зор
жаяупкершілік жүктейтінін
ұмытпауымыз қажет.
Өйткені бұл бастама
шынында да өзінің нәтижелі
жемісін есөлеп берді.

Жалпы әлемнің дамыған
30 елінің қатарына қосылу,
«5-институционалдық
реформаның» баяндылық
табуы, «Қазақстан -
2050» стратегиясының
мултіксіз орындалуы –
бөрі де біздің «Рухани
жаңғырудың» даңғыл жолына
түскендігімізді айшықтап
отыр. Яғни Тәуелсіз елдің
Тұнғыш Президенті салып
берген сара жол жарқын
болашаққа бастап келеді
десек, жаңыла қоймаспыз.
Оймызды түйіндей
келе айтарымыз, кемел
келешектің кілті өз қолында
екендігін жете ұғынған жас
мемлекеттің алар асуы өлі
де аз емес. Ендеше рухани
жаңғырудың ел мұраты
екендігін де баршамыз жете
ұғынып, ұлт мұраты жолында
аянбай еңбек ете берейік
дегім келеді.

**Салтанат БЕКОВА,
М.Әуезов атындағы ОҚУ
колледждінің оқытушысы.**